

айқындалғандығында. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы № 216 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының 2007–2024 жылдарға дейінгі тұрақты дамуға өту туралы» Тұжырымдамасы қабылданды. Осы Тұжырымдамаға сәйкес мемлекетіміздің дамуы бағытындағы еліміздің бәсекелестігін қамтамасыз ету мақсаты, сәйкесінше, экономикаға жоғарғы деңгейлі технологияларды енгізу арқылы экономикалық дамуға қол жеткізу, халықтың денсаулығын жақсарту, халықтың әлеуметтік қауіпсізділік деңгейін көтеру міндеттері айқындалды. Қазақстан ТМД-дағы және басқа да дүние жүзілік қауымдастықтар деңгейінде іске асырылып жатқан интеграциялық үдерістердің белсенді қатысушысы болып табылады. 2010 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген Ресей, Беларусь және Қазақстан Республикасының Кеден одағының құрылуы – қазақстандық барлық интеграциялық бастамалардың жаңа белеске көтерілуіне негіз болды. Осы жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында білім және ғылым саласына қатысты жаңа міндеттердің айқындалғаны баршамазға мәлім. Осы бағдарламалық құжаттарға сәйкес халықты жұмыспен қамту, әрбір ұйым деңгейінде еңбектік қатынастарды жаңа талаптарға сай реттеуді қолға алу, өндірістік үдеріске ұжымның тікелей қатысу механизмін айқындау – алға қойған мақсаттарға жетудің механизмдерінің бірі болып саналады. Жоғарыда аталған бағдарламалық құжаттарға сәйкес еңбек өнімділігінің кешенді артуы аса маңызды міндет болып айқындалып, өңірлік әрбір индустриялық жобаның халықтың айрықша бақылануына алыну қажеттілігі айқындалды.

1. Рыскалиев Д.У. Совершенствование правового пространства РК как условие реализации стратегического плана – 2020. //«Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана»: материалы научно-практической конференции (г. Алматы, 10 февраля 2010 г.) / Отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы, КИСИ при Президенте РК, 2010.-164 с.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы № 216 «Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу Тұжырымдамасы туралы» Жарлығы // Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 44, 478-құжат.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы (2009 жылғы 19 мамырға дейінгі өзгерістер және толықтырулармен) // «Егемен Қазақстан» 2007 жыл 11 сәуір № 90 (24667).

4. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егеменді Қазақстан 30 қаңтар 2010 жыл.

The scientific research is devoted to the analysis of theoretical problems of realization of constitutional rights of citizens on turning methods of realizing of these rights. Administrative and law procedures are considered as separate law institution.

В статье дается анализ норм законодательства о занятости населения и программных документов, направленных на совершенствование правовой процедуры участия населения в определении государственной политики в области социальной защиты.

С. Джумагулов

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

Еңбек қауіпсіздігі институты еңбек құқығының негізгі институты болып танылады және оның субъектілері ретінде қызметкерлермен қатар өндіріс ортасымен байланыста болатын басқа да жеке тұлғалар танылады. Әркімнің Конституцияда көрсетілген еңбек саласындағы құқықтары әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы конституциялық құқықтары болып танылады. Конституцияда айқындалған әркімнің еңбек және әлеуметтік саладағы құқықтары мен міндеттерін анықтай келе, еңбек құқығы субъектілерінің құқықтары мен міндеттердің бірлігі мен өз-ара байланыстылығын талдауымыз қажет. Жалпы құқықтар мен міндеттердің бірлігі құқықтық қатынастардың мазмұнын құрайды [1, 83-б]. Конституцияның баптарында бекітілген нормаларды талдай келе дәстүрлі түрде «Адам және азамат» бөлімінде қалыптасқан құқықтар мен міндеттерді саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени түрінде бөлу көзқарасымен келісуге болады, Конституцияның негізгі құндылықтарының бастамасы – «адам және азаматтың өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп басымдылығы атап көрсетілген (1-бабы). Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бір тұтастығын зерттей келе, Конституцияның 12-бабына сүйене отырып, адам құқықтары мен бостандықтарының абсолютті түрде танылатындығын байқаймыз. Азаматтардың әлеуметтік саладағы құқықтарын қарастыра келе, Конституцияға сәйкес, еңбек саласындағы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының 24-28-баптарымен бекітілетіндігін ескеріп еңбек заңнамасының негіздемесінің осы баптарға негізделетіндігін айқындаймыз. Әркімнің еңбек саласындағы басты

құқығы – еңбек ету бостандығы, жұмыс пен кәсіп түрін еркін таңдау, қауіпсіздік талаптарына сай еңбек жағдайымен қамтамасыз етілу және өмірін, денсаулығын сақтау болып танылып ҚР ЕК-нің 6-бабымен белгіленген. Азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерінің бірлігі мен өз-ара байланыстылығына қатысты, Конституцияның 12-бабының 1-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» - делінген. Еңбек қатынастары саласында, еңбек қауіпсіздігін және қорғауды қамтамасыз ету бағытындағы құқықтар мен міндеттердің бірлігі ҚР ЕК-нің 5-бөлімінде көрініс тапқан. Осы саладағы әркімнің құқықтары мен міндеттері мемлекеттік саясаттың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы негізгі саясаттардың бағыттары, қызметкерлер құқықтарының кепілдіктері, қызметкерлердің және жұмыс берушілердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен міндеттері, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды ұйымдастыру, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды және қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тергеп-тексеру мен есепке алу туралы тараулар мен баптардың бірі-бірімен байланыстылығын көреміз. Мәселен, әйелдер мен ерлердің еңбек үрдісін талдау барысында сырт жағынан оларды бірдей жағдайда қабылдай отырып, физиологиялық ерекшеліктерінің бар екендігі баршаға мәлім. Ғалымдар әйелдердің еңбегі ерлердің еңбегінен тек қана физикалық және физиологиялық қатынасы бойынша ажыратылатындығы ғылыми түрде негізделген [2; 39 б]. Яғни, әйелдердің еңбегі ретінде олардың өздерінің физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, шамасы келетін кез келген қоғамға қажетті еңбек танылады. ҚР ЕК-де берілген ұғымдар мен терминдерді талдай келе, біз еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау институтын, еңбек құқығында кешенді институт болып табылатындығын байқаймыз. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау институты еңбек құқығының өз алдына дербес институты бола тұрып, бірінші кезекте аталған салада мемлекеттік басқаруды, бақылауды және қадағалауды айқындайтындығын ажыратамыз. Осы институтқа біріктірілген нормаларға сәйкес айқындалатын негізгі мақсат – әркімнің субъективтік құқығын қамтамасыз ету болып табылады. Субъективтік құқық – тұлғаның қоғамда нақты бір игіліктерді иемдену мүмкіндігі мен заңдық шарасы [3, 28 б.].

ҚР ЕК-нің 307-бабының талабына жүгінетін болсақ: «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды, бақылау мен қадағалауды Қазақстан Республикасының Үкіметі, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар, өз құзыретіне сәйкес жүзеге асырады» - делінген. Жоғарыда көрсетілген баптың нормасын талдай отырып еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың үш топқа бөлінетіндігін көреміз: Қазақстан Республикасының Үкіметі; еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және оның ведомствалары; өзге де салалық бағыттағы уәкілетті мемлекеттік органдар.

Еңбек саласында, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің басты міндеттерінің бірі болып, ЕК-нің 306-бабының 2-тармағына сәйкес, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы республикалық, салалық (секторлық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлейтіндігі айқындалған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеті ҚР ЕК-нің 15-бабында көрсетілген. ҚР ЕК-нің 15-бабында көрсетілген талаптарды қарастыра келе Қазақстан Республикасы Үкіметінің ең басты мақсаттарының бірі, ол: «еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асырылуын қамтамасыз етеді». Жоғарыда көрсетілген баптың тағы бір ерекшелігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды, ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін белгілейтіндігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ақпарат беру және мемлекеттік статистика жүргізу тәртібін айқындайтындығы белгіленген. ҚР ЕК-нің 15-бабына сүйене отырып, Үкіметтің, тікелей бағыныштылығына байланысты, мемлекеттік органдармен біргелікті еңбек қатынастарын реттеуге деген уәкілеттігінің бекітілгенін көреміз. ҚР ЕК-нің 15-бабының 12 және 13-тармақтарына сәйкес жұмыс берушілердің және қызметкерлердің республикалық бірлестіктерімен бас келісім жасасады, тиісті уәкілетті органдармен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау тәртібін белгілейді. Қазақстан Республикасында еңбек қатынастарын, еңбек қатынастарымен тікелей байланысты қатынастарды, әлеуметтік әріптестік, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қатынастарды реттейтін және басқаратын орган – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі болып табылады. Осы министрліктің еңбек қатынастары саласындағы құзыреті ҚР ЕК-нің 16-бабында анықталған және өзінің жалғасын ҚР ЕК-нің 37-бабында тапқан. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек қатынастарын басқарады, ұйымдастырады және қадағалайды.

Рысқалиев Д.О. Қазақстан Республикасында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық құқықтық негіздемелері. //Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты: – Analytic. Информационно-аналитический журнал, 2010/2. – 120 бет.

1. Виноградов М.И. Физиология трудовых процессов. 2-е изд. - М., Наука, 1967. – С.39, 438.
2. Нуртдижжа А.Ф. Субъекты трудового права. В кн: Трудовое право России.- М., 2001. – 512 б.

In article the analysis of norms of the labor legislation in the field of safety and a labor safety is given. The rights and duties of the authorized state structures in the field are considered.

В статье дается анализ норм трудового законодательства в области обеспечения безопасности и охраны труда. Рассматриваются права и обязанности уполномоченных государственных органов в данной области.